

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысының №3 хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

29.04.2024 жыл

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес отырысының мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі.
2. Материалдық жағдайымен танысу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы О.Альмуратова, қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақша тәрбиеленушілердің қауіпсіз ортада тәрбиеленуі, білім беру мен тәрбиелеу қызметінің сапасын арттыру. Сондықтанда ең алдымен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болу керек. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 305 қаулысының 53 бабының 2 тармағы *объектідегі ахуалды бақылау бойынша байланыс, хабарлау, күзет және дабыл сигнализациясының жүйелері мен құралдары (оның ішінде дабыл берудің ұтқыр не стационарлық құралдары – "дабыл түймелері")*, болуы міндетті. Алайда, балабақша ғимаратына кіруді бақылау және басқару жүйесін ұйымдастыру үшін, хабарландыру жүйесін "дабыл түймесі" орналастыру үшін қажет екен. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлеріне қолайлы жағдайлар мен қауіпсіз орта құру, адамдар жаппай жиналатын жерлерде балаларды бақылау және қадағалау мүмкіндігін жасау мақсатында мекемеде барлығы 24 бейнебақылау жүйесі іске қосылған. Оның 16 ішкі бақылау камералары, 8-і сыртқы бақылау камералары. Барлық бейнебақылау камералары бюджет есебінен қондырылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» №832 Қаулысында көрсетілген бірыңғай талаптарға сәйкес келмейді. Барлық бейнебақылау камералары аналогты. Жоғарыда аталған қаулы талаптарына сәйкес келетін бейнебақылау камераларын алу үшін Алға аудандық білім бөлімінен қосымша қаржы қарастыруына сұраныс хат қажет.

Қамқоршылық кеңес мүшесі ата-ана Ж.Абдугали сөз алды. Балабақша ғимараты күрделі жөндеуді талап етіп тұр. Балабақша меңгерушісі Б.Бердібаеваның есебі бойынша алдағы уақытта күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетіні атап айтылды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 9-тарауында «Объектілердегі медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-

эпидемиологиялық талаптар» 129 тармағында көрсетілген талаптарды орындау үшін **медициналық кабинеттің жабдықталуына** қаржы қарастыруыңызды сұраймын.


Балабақшадағы 4 топтың және асхана блогындағы ыдыс-аяқтардың тозығы жетіп, ауыстыруды қажет етеді екен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының б) тармақшасын орындау мақсатында топтарда даму күзiреттiлiгi бойынша ҰОҚ барысында мектеп жасына дейiнгi баланы дамытатын, өсiретiн, тәрбиелейтiн де негiзгi iс-әрекет ойын. Балалар ойын орталықтарында қызығушылықтары бойынша ойындар ойнау арқылы әлеуметтiк-эмоционалдық, коммуникативтiк, танымдық, зияткерлiк, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсатында **көрнекiлiктер мен үлестiрмелi материалдар және әдiстемелiк оқулықтар, балаларға арналған ертегi кiтаптар, көкөнiстер мен жемiстердiн нақпiшiндерi, маусымдық киiмдерi бар қуыршақтар, қуыршақ театрына арналған шымылдық, театр түрлерi, дамытушы ойындар, спорттық ойын құрал-жабдықтары, үстел үстi ойындары, сюжеттiк-рөлдi ойындар, т.б ойыншықтарды** балалардың жас ерекшелiгiне сай жеткiлiктi деңгейде қамтамасыз ету үшiн қаржы қарастыруды сұраймын. Алайда ата-аналардың тарапынан да демеушiлiк көмекпен балаларға арналған дамытушы ортасын толықтыру мақсатында түрлi ойыншықтар 215 мың теңге көлемiнде сатып алынған.

ШЕШІМ:

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсізді басты назарда болсын;
2. Балабақшаның материалдық-техникалық жағдайы талапқа сай жабдықталсын;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Кеңес хатшысы:

О.Алмуратова
А.Қолдауова